9.7. Мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, осы Жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін Банктің басқа да құжаттарына сәйкес немесе Банктің Жалғыз акционерінің тікелей шешімімен белгіленеді.

9.8. Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты Банк Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте жеткізеді.

10-бап. БАНКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Директорлар Кеңесі – Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің Директорлар кеңесі туралы ереже негізінде іс әрекет жасап, Банк қызметіне жалпы басшылық жасайтын Банктің басқару органы.

10.2. Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) Банктің орналастырылған акцияларды және басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 4) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олардың ережелерін бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;
- 5) Директорлар кеңесінің комитеттерінің қызметі туралы есептерді қарастыру және бекіту;
- 6) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын белгілеу, сондай-ақ олардың шығарылымы туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Банк Басқармасының Төрағасына және мүшелеріне қызметтік жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шартын анықтау, Банк Басқармасы мүшелерімен жасалатын еңбек шарттарының типтік нысанын бекіту;
- 9) Банк Басқармасы Төрағасының және мүшелерінің қызметін бағалау критерийлерін белгілеу, оның ішінде Банк Басқармасының қызметіне мониторинг жүргізуді, бақылау жасауды және бағалауды жүзеге асыру;
- 10) Банктің ішкі аудит бөлімшесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, бөлімшенің жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу және қызметкерлерге сыйлықақы беру мөлшері мен талаптарын белгілеу;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық еңбекақы мөлшерін және сыйақы беру талаптарын белгілеу, корпоративтік хатшы туралы ережені, сондай-ақ корпоративтік хатшы қызметінің штаттық кестесін бекіту;
- 12) Бас комплаенс-бақылаушыны тағайындау және босату, лауазымдық еңбекақы мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйақы беру талаптарын белгілеу, сондай-ақ Комплаенс-бақылау бөлімшесі туралы ережені бекіту;
- 13) комплаенс-бағдарламаны (жоспарды) бекіту;
- 14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережені бекіту;
- 15) басқа заңды тұлғалардың он және одан астам пайыз акцияларын (жарғылық капиталына қатысу үлесі) Банк сатып алу (иелігінен шығаруы) туралы шешім қабылдау, сондай-ақ, олардың қызметтер мәселесі бойынша шешім қабылдау;
- 16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан астам пайыздары Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 17) Банк міндеттемелерін өзінің меншік капиталының он және одан астам пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 18) қызметтік, коммерциялық және басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, Банк және оның қызметі туралы ақпараттар дайындау;
- 19) ірі мәмілелер жасау және Банк жасауға мүдделі болған мәмілелер туралы шешім қабылдау;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкпен айрықша қатынаста байланысқан тұлғалармен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 21) оның нәтижесінде құны Банктің меншікті капиталының он пайызынан асатын Банк активтері кепілге немесе шектеудің басқа нысанына берілетін мәмілені бекіту;

22) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, саясаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту, оның ішінде:

- Банктің бағалы қағаздарына аукциондар өткізу және жазылу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты;

- Банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ережені;

- Банктің кредиттік комитеті туралы ережені және оның құрамын;

- іскери әдеп кодексін;

- ішкі құжаттарды бекіту бойынша Банк органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыреттілігін анықтайтын ішкі құжатты;

- күтпеген оқиғалардың орын алу жағдайына арналған қаржыландыру жоспарын;

- қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын (жоспарларын);

- Банктің басшы қызметкерлеріне және тікелей Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін Банк қызметкерлеріне сыйақы төлеу тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды;

- Банктік қызметтер көрсету үрдісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарастыру тәртібін;

- Ол арқылы Банк қызметкерлері Банк қызметіне қатысты тәртіп бұзушылықтар туралы құпия түрде хабарлай алатын рәсімді белгілейтін ішкі құжатты;

- ішкі аудитордың әдеп кодексін, ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені, ішкі аудиттің жылдық жоспарын;

- Банктің Директорлар кеңесіне Банктің және оның бақылауында тұрған ұйымдардың қызметі туралы басқарушылық акпаратты беру және ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдердің профилі мен Банк қызметінің түрлері мен күрделілік деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету тәртібін белгілейтін ішкі құжатты;

- Банктің стратегиясын, саясаттарын және басқа да ішкі құжаттарын Банктің басшы қызметкерлеріне және Банк қызметкерлеріне жеткізу тәртібін;

23) заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша тәуекелдерді басқару жөніндегі Банктің ішкі рәсімдерін бекіту;

24) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тәуекелдер бойынша лимиттерді бекіту;

25) стресс-тестілеу сценарийлерін бекіту;

26) утверждение Банктің стратегиясын, оның ішінде Банке тәуекелдерінің қауіпсіз деңгейін бекіту, сондай-ақ стратегияның орындалуына мониторинг жүргізуді және Банк стратегиясының ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайларға, тәуекелдердің профиліне, қаржылық потенциалға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру;

27) Банктің меншікті капиталының бес пайызынан асатын заемдарды берудің мақсатқа сай келетіндігіне талдау және бағалау жүргізуді жүзеге асыру;

28) Банктің жылдық есебін алдын ала бекіту;

29) Банктің резервтік капиталын пайдалану тәртібін белгілеу;

30) Банктің даму жоспары мен бюджетін, олардың орындалуы туралы есептерді бекіту;

31) Банктің ұйымдастырушылық құрылымын, қызметкерлердің штатын (жалпы санын) бекіту, оның ішінде ұйымдастырушылық құрылымның Банк қызметінің мөлшеріне, құрылымына, сипатына және күрделілік деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету;

32) ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;

33) мәселелерді Банктің Жалғыз акционерінің қарауына шығару;

34) даму стратегиясын, даму жоспарын, орындау туралы басқарушылық есептілікті, Банк қызметінің көрсеткіштеріне жетуі, Банктің шешуші тәуекелдері және оларды басқарудың тиімділігі туралы, басқа есептіліктерді Директорлар кеңесіне беру тәртібін және мерзімдерін бекіту;

35) Жалғыз акционерге Банктің дивидендтік саясатына, Банктің өткен қаржылық жыл үшін таза кірісін бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Банктің бір жай акциясының есебінде жыл үшін дивиденд мөлшеріне қатысты ұсыныстар дайындау;

36) Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес Банктің лауазымды тұлғаларында және қызметкерлерінде туындайтын мүдделер дауын қадағалау және реттеуге қатысу;

37) Банктің демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;

38) Банк қызметінің заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету жүйелерінің тиімділігіне баға беру;

39) Жалғыз акционерге беру үшін Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті дайындау;

40) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) осы Жарғыда көзделген Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Банк Басқармасының шешуі үшін берілмейді.

Банктің Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Банктің Жалғыз акционерінің

шешімдеріне қайшы келетін шешім қабылдауына құқығы жоқ.

Директорлар кеңесі:

- 1) Банк органдарын құрған кезде мүдделер дауын болдырмау шараларын қабылдауға;
- 2) лауазымды тұлғалар мен Жалғыз акционер деңгейінде әлеуетті мүдделер дауын, соның ішінде Банктің меншігін заңға қайшы пайдалану және мүдделілік орын алатын мәмілелерді жасағанда асыра сілтеушілік жағдайларын қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;
- 3) Банктегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жасауды жүзеге асыруға;
- 4) саясаттардың және Банктің басқа да ішкі құжаттарының стратегияға, ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдердің профиліне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 5) регуляторлық есептіліктің толықтығына, дұрыстығына, уактылы құрастырылуына және берілуіне мониторинг жүргізуді және бақылау жасауды жүзеге асыруға;
- 6) Банк Жарғысының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ Банк Жарғысын өзекті жағдайда ұстауды қамтамасыз етуге;
- 7) Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарына шығарылған мәселелер тізбесін және Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы туралы мәліметтерді уәкілетті органға беруді қамтамасыз етуге тиіс.

10.3. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін Жалғыз акционер қызметке сайлайды және Банктің Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Жалғыз акционер уәкілетті орган келісімімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен қайта сайлайды.

10.4. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді орындауды басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Директорлар кеңесінің мүшелері мына тұлғалардың ішінен сайланады:

- 1) Жалғыз акционердің өкілі есебінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;
- 2) Жалғыз акционердің өкілі есебінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалар.

10.5. Банктің Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген талаптар қойылады:

10.6. Басқарма мүшелері, оның Төрағасынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс. Банктің Директорлар кеңесі құрамының отыз пайызынан кем емесі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

10.7. Банктің Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлануы мүмкін.

Банктің Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Банктің Жалғыз акционері белгілейді.

Банктің Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Банктің Жалғыз акционерінің Банктің жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы мәселені қарастыру сәтіне аяқталады.

Банктің Жалғыз акционері Банктің Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің бастамасы бойынша өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабарландыру негізінде жүзеге асырылады.

Банктің Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарландыруды алған сәттен бастап тоқтатылады.

Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтаған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі Банктің Жалғыз акционерінің шешімі негізінде жүзеге асырылады, мұндайда Банктің Директорлар кеңесінің осындай мүшелерінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі жалпы алғанда аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

10.8. Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің санынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен дауыс берудің ашық тәсілімен сайланады.

Банктің Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

Төраға Банктің Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның ішінде:

- 1) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады;
- 2) өткізілу белгіленген Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

10.9. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің міндетіне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, осы Жарғыға Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, ақпараттанушылық, ашықтық негізінде, Банктің және оның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етуге;

2) барлық Жалғыз акционерге әділ қарау, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз қорытынды шығару.

Банктің Директорлар кеңесінің өздеріне жүктелген міндеттерді бұзатын мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

Лауазымнан босату мұндай бұзулармен Банкке келтірілген шығындарды өтеу міндеттерінен босатпайды.

10.10. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе:

1) Банктің Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Банктің ішкі аудит бөлімшесінің;

3) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Банктің Директорлар кеңесі мәжілісінің болжамды күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны оның Төрағасына жіберу арқылы қойылады.

Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті Банк Басқармасына хабарласуға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін оның Төрағасы немесе Банк Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарландырулар мәжіліс күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен қоса Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжілісті өткізу күніне дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарландыру мәжілісті өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның күн тәртібі мен Банктің ішкі құжаттарына сәйкес басқа материалдарды қамтуы тиіс.

Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі Банк Басқармасын оның Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісі осындай талап қойған тұлғаның міндетті қатысуымен өткізіледі.

10.11. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі егер оған Банктің Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері санының жартысынан кем емес қатысса, заңды болады.

Егер Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Банктің Директорлар кеңесінің жана мүшелерін сайлау туралы мәселені Банктің Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Банктің Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек аталған мәселені Банктің Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.12. Банктің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Банктің Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Банктің Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне тапсыруға тыйым салынады.

Банктің Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болғанда Банктің Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің мәжілісінде төрағалық ететін адамның дауысы шешуші болып табылады.

Банктің Директорлар кеңесі тек Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісіне шығарылған мәселелер бойынша шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып танылады.

Банктің Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі хаттама нысанында жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшы қол қоюлары тиіс.

Сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі қабылдаған шешімді және сырттай дауыс беру қорытындыларын Корпоративтік хатшы шешімге қол қойылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, осы шешімнің қабылдануына негіз болған бюллетеньдердің көшірмелерімен бірге Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберуі тиіс.

10.13. Банктің Директорлар кеңесінің күндізгі мәжілісінде қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, оны мәжіліске төрағалық еткен адам, мәжіліске қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы мәжілісті өткізу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасап, қол

коюлары тиіс және ол:

- 1) Банктің толық атауын және орналасқан жерін;
- 2) мәжілісті өткізу күнін, уақытын және орнын;
- 3) мәжіліске қатысқан адамдар туралы мәліметтерді;
- 4) мәжілістің күн тәртібін;
- 5) мәжіліс қворумының бар-жоқтығы туралы ақпаратты;
- 6) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру қорытындысын көрсете отырып, дауысқа салынған мәселелерді және олар бойынша дауыс беру қорытындысын;
- 7) қабылданған шешімдерді;
- 8) Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтерді қамтуы тиіс.

Банктің Директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Банкте сақталады.

Банктің Директорлар кеңесінің хатшысы Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді беруге әрі (немесе) оған Банктің уәкілетті қызметкерінің қолымен және Банк мөрінің бедерімен куәландырылған хаттаманың және шешімнің үзінді жазбасын беруге міндетті.

11-бап. БАНК БАСҚАРМАСЫ

11.1. Банктің Директорлар кеңесі бекіткен Басқарма туралы ереже негізінде іс-қимыл жасайтын Банк Басқармасы Банктің атқарушы органы болып табылады.

Банк Басқармасы Банктің ағымдағы қызметіне басшылық етеді.

Банк Басқармасы Банк атынан іс-әрекет етеді, оның ішінде оның мүддесін білдіреді, Банк атынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен мәмілелер жасайды, штаттық кестені, Банктің, оның ішінде орталық аппараттың, филиалдардың, өкілдіктердің құрылымын бекітеді, бұйрықтар (қаулылар) шығарады және Банктің барлық қызметкерлерінің орындауына міндетті нұсқаулықтар береді.

Басқарма шешімі күндізгі де, сырттай да тәртіппен қабылдануы мүмкін.

Отырыстарда (күндізгі тәртіппен) қабылданған Басқарма шешімдері Басқарма отырысының хаттамаларында көрсетіледі. Отырысқа қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қояуы тиіс Басқарма отырысының хаттамасы дауыс беруге қойылған мәселелерді, ол бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беруінің нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындысын қамтуы тиіс.

Сырттай қабылданған Басқарма шешімдері Басқарма қаулысымен рәсімделеді. Сырттай шешім қабылданатын мәселелер бойынша Басқарма мүшелерінің позициясы дауыс беру қағазында көрсетіледі. Басқарма мүшелерінің дауыс беру қағазы Басқарма қаулысына тігіледі.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруге болмайды.

Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына бер реттен кем емес мерзімде өткізіледі.

Басқарма Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Басқарма Төрағасының міндеттерін атқарушы тұлға жүзеге асырады.

Басқарма отырысын Басқарма Төрағасы жүргізеді.

Басқарма отырыстары демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, кез келген күндері және тәуліктің кез келген уақытында жүргізілуі мүмкін. Басқарма отырысының өтетін орны мен уақытын Басқарма Төрағасы белгілейді. Басқарма отырысы қажеттілігіне қарай бірнеше күн бойы жүргізілуі (созылуы) мүмкін. Мұндай жағдайда, Басқарма отырысының соңғы күні шешім қабылдау күні болып есептеледі.

Басқарма Төрағасы немесе Басқарма мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен кем емес бөлігі аса тығыз және маңызды мәселелерді талқылау үшін Басқарманың кезектен тыс отырысын өткізуді талап етуге құқылы.

Нақты мәселе бойынша Басқарма отырысына қатыса алатын (Басқарма мүшелерінен басқа), сондай-ақ олардың қатысуы міндетті болып табылатын адамдар тобын міндетті түрде Басқарма Төрағасы белгілейді.

Шешімдер арасында Басқарма Төрағасы да болуы тиіс Басқарма мүшелерінің жалпы санының үштен екісінен кем емес бөлігі дауыс беруге қатысқан жағдайда, Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма Төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

11.2. Банк Басқармасы Жалғыз акционердің және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

11.3. Банк Басқармасының құрамы кемінде 3 (үш) адамнан тұрады, оның ішінде: Басқарма

Төрағасынан, оның орынбасарынан (орынбасарларынан) және (немесе) Банктің Директорлар кеңесі 5 (бес) жыл мерзімге сайлайтын Басқарманың басқа мүшелерінен тұрады.

11.4. Банк Басқармасын құру, оның өкілеттігі, сондай-ақ өкілеттіктерді мерзімнен бұрын тоқтату Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Банк Басқармасы мүшесінің қызметтері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде, осы Жарғыда, сондай-ақ көрсетілген тұлғамен Банк жасайтын жеке еңбек шарттарында айқындалады. Басқарма Төрағасымен жеке еңбек шартына Банк атынан Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Жалғыз акционер не Банктің Директорлар кеңесі бұған уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Банк Басқармасының қалған мүшелерімен жеке еңбек шартына Банк Басқармасының Төрағасы қол қояды.

Банк Басқармасы мүшесінің басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында лауазымды қызмет атқаруына Банктің Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Басқарма Төрағасының атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметін жалғыз өзі жүзеге асыратын тұлғаның лауазымында болуға құқығы жоқ.

11.5. Банк Басқармасының құзыретіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң актілерінде және осы Жарғыда Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Банктің лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау жатады, оның ішінде:

1) Банктің жедел қызметіне басшылық жасау, Жалғыз акционердің және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

2) Банктің Директорлар кеңесінің қарауына Банк қызметінің басым бағыттарын беру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен оларды бекіту Жалғыз акционердің және Банктің Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Банктің ішкі құжаттарын қабылдау;

4) жылдық қаржылық есептілікті дайындау;

5) Банктің жылдық есебін дайындау;

6) Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлер штатын (жалпы санын) сақтай отырып, Банктің, оның ішінде орталық аппараттың, филиалдардың, өкілдіктердің құрылымын, штат кестесін бекіту;

7) еңбекақы төлеу жүйесін, лауазымдық жалақылар көлемін анықтау, Банк қызметкерлеріне сыйлықақы беру, моральдық және материалдық ынталандыру, Банк ұжымының өндірістік және әлеуметтік дамуы мәселелерін шешу, Банк Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің, ішкі аудит бөлімшесі қызметкерлерінің, Корпоративтік хатшының, Бас комплаенс-бақылаушының жалақы көлемін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарын анықтау қосылмайды;

8) Банктің даму жоспарын әзірлеу, оның орындалуы туралы есеп дайындау;

9) жұмыс күнінің және жұмыс аптасының ұзақтығын, Банк қызметкерлеріне жыл сайынғы төленетін және өзге демалыс көлемін және беру тәртібін айқындау;

10) акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін Банктің Жалғыз акционеріне жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 (бірінші) сәуіріне дейін ұсыну;

11) Директорлар кеңесінің қарастыруына тек соның құзыретіне жататын мәселелерді шығару;

12) Банк филиалдарының кредиттік комитеттері туралы ережелерді және Банк филиалдарының кредиттік комитеттерінің ұйымдастырушылық құрылымы туралы шешімдер қабылдау;

13) осы Жарғының 9.2. тармағының 9)-10), 19), 20), 24) тармақшаларында, 10.2. тармағының 4)-5), 7)-12), 39) тармақшаларында көзделген мәселелерді қоспағанда, Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына және Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына шығаратын мәселелерді алдын ала мақұлдау;

14) Жалғыз акционердің және Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген өзге функцияларды орындау.

11.6. Егер тараптардың мәміле жасалған сәтте Банк белгілеген шектеулер туралы білгенін дәлелдей алса, Банк оның Басқармасының бұл шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілесінің заңдылығымен дауласуға құқылы.

11.7. Банк Басқармасының Төрағасы:

1) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) Банктің атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз іс-әрекет жасайды;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банктің өкілі болу құқығына сенімхаттар береді;

4) Банкке қызметкерлер (өзінің орынбасарларын, Банк Басқармасының мүшелері болып табылатын қызметкерлерді және Банктің ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлерін, Корпоративтік хатшыны, Бас комплаенс-бақылаушыны қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларды марапаттайды және тәртіптік жазалау шараларын қолданады,

еңбекке материалдық ынталандыру мақсаттарында, (өзінің орынбасарларын, Банк Басқармасының мүшелері болып табылатын қызметкерлерді және Банктің ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлерін, Корпоративтік хатшыны, Бас комплаенс-бақылаушыны қоспағанда) Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының, дербес үстемелердің, сыйлықақылардың мөлшерлерін белгілейді;

5) өзі болмаған кезде өзінің міндетін атқаруды Банк Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Банк Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік аясын және жауапкершіліктерді бөледі;

7) жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және көрсетілген жұмыс үшін жеке жауапкершілік көтереді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

12 - бап. БАНКТІҢ ІШКІ АУДИТ БӨЛІМШЕСІ

12.1. Банктің ішкі аудит бөлімшесі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша кем дегенде 3 (үш) қызметкерден құралады.

12.2. Банктің ішкі аудит бөлімшесі Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне, Банк Басқармасының және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-қимылдарына бақылау жасауды жүзеге асырады.

12.3. Банктің ішкі аудит бөлімшесі тікелей Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді, банк басшылығына және құрылымдық бөлімшелердің басшыларына еркін және тәуелсіз кіре алады.

12.4. Ішкі аудит бөлімшесі Банктің күнделікті жұмысына тәуелсіз түрде, оның филиалдарын қоса алғанда, Банкте жүргізілетін операциялардың барлық түрлеріне қолжетімділікке ие.

12.5. Ішкі аудит бөлімшесінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит бөлімшесі қызметкерлеріне берілетін еңбекақы және сыйлықақы мөлшері мен талаптарын Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

12.6. Ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлері өз қызметтерін Банк Басқармасы Төрағасы мен оның орнындағы тұлғаның арасында жасалған жеке және еңбек шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлері Банктің Директорлар кеңесінің немесе Басқармасының құрамына мүшелікке сайлана алмайды.

13-бап. БАНКТІҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ПРИНЦИПІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. БАНКТІҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ

13.1. Банктің лауазымды тұлғалары:

1) оларға жүктелген міндеттерді адал орындайды және Банк пен Жалғыз акционердің мүддесін көбірек білдіретін әдістерді пайдаланады;

2) Банктің мүлкін пайдаланбауы немесе оны осы Жарғыға және Жалғыз акционер мен Банктің Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетіндей, сондай-ақ жеке басының мүддесі үшін пайдалануға жібермеуі және өздерінің аффилирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде теріс мақсатта пайдаланбауы тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қосқанда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Банктің қызметі жөніндегі ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашуды және беруді бақылайды.

5) Банк қызметі туралы ақпарат құпиялылығын сақтайды, оның ішінде Банктің ішкі құжаттарында басқаша белгіленбесе, Банктегі жұмысын тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде сақтайды.

13.2. Банктің лауазымдық тұлғалары Банк пен Жалғыз акционер алдында өздерінің әрекеті және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және төмендегілер нәтижесінде тартқан зиянды қоса алғанда, алайда мұнымен шектелмей, Банктің тартқан зияны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілік атқарады:

1) адастыратын ақпарат немесе қасақана жалған ақпарат беру;

2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың не олардың аффилирлі тұлғаларының Банкпен осындай мәміле жасауы нәтижесінде пайда (табыс) табуы мақсатындағысы кіретін олардың адал емес әрекеті және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде Банкте шығынның туындауына апарып соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) жасауға мүдделі мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау және (немесе) жасауға ұсыныс жасау.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) Банк жарғысында көзделген жағдайларда Жалғыз акционердің ірі мәмілелер және (немесе) жасауға мүдделі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдауы, егер оларды орындау мақсатында Банкке шығын

келтірілсе, оларды жасауды ұсынған лауазымды тұлғаны немесе өзі мүшесі болып табылатын Банк органының отырысында оның не оның аффилиирлі тұлғаларының пайда (табыс) табуы мақсатындағысы кіретін адал емес әрекет және (немесе) әрекетсіздік жасаған лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды.

Банк Жалғыз акционердің шешімі негізінде немесе Жалғыз акционер өз атынан лауазымды тұлға адал емес әрекет және (немесе) әрекетсіздік жасаған жағдайда, лауазымды тұлғаға Банкке келтірген зиянын не шығынын Банкке өтеу, сондай-ақ лауазымды тұлғаның және (немесе) оның аффилиирлі тұлғаларының Банк шығындарының туындауына апарып соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) жасауға мүдделі мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс жасау) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табысын) Банкке қайтаруы туралы шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

Банк Жалғыз акционердің шешімі негізінде немесе Жалғыз акционер өз атынан Банктің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәміле жасау және (немесе) жүзеге асыру кезінде Банктің осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының және Банктің ішкі құжаттарының немесе оның еңбек шартының талаптарын бұза отырып әрекет етсе, осы үшінші тұлғамен мәміле жасау нәтижесінде Банкке келтірілген шығынды Банкке өтеу туралы шағыммен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда, көрсетілген үшінші тұлға мен Банктің лауазымды тұлғасы Банкке мұндай шығындарды өтеу кезінде Банктің ортақ борышкерлері ретінде қабылданады.

Сот органдарына барғанға дейін Жалғыз акционер Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына Банктің лауазымды тұлғалары келтірген шығынды Банкке өтеу және ірі мәмілелер мен (немесе) жасауға мүдделі мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс жасау) туралы шешім қабылдау нәтижесінде Банктің лауазымды тұлғасының және (немесе) оның аффилиирлі тұлғаларының алған пайдасын (табысын) Банкке қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талап қоюы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы өтініш түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің күндізге отырысын шақыруға міндетті.

Жалғыз акционердің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі оған отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі. Директорлар кеңесінің осы шешімін көрсетілген мерзімде алған не алмаған соң Жалғыз акционер өз атынан көрсетілген мәселе бойынша Банктің Директорлар кеңесі төрағасына Жалғыз акционердің өтініш білдіргенін растайтын құжаттар болған кезде Банк мүдделерін қорғауға шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

Орындалуы нәтижесінде Банкке зиян келтірілген мәмілені жасауға мүдделі және мәмілені жасауды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Банктің лауазымды тұлғалары Банктің не Жалғыз акционердің шығынына апарып соқтырған Банк органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе кешірімді себептермен дауыс беруге қатыспаған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген лауазымды тұлғалар қызметінің ұстанымдарын сақтай отырып, шешім қабылданған сәтте өзекті (тиісінше) ақпар негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Банк мүддесіне қызмет етеді деп санағаны дәлелденсе, лауазымды тұлға коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім нәтижесінде туындаған шығынды өтеуден босатылады.

Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе басқа ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы жасалған қылмысқа кінәлі деп таныған, сондай-ақ көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Банктің лауазымды тұлғалары заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген не алынған не қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап бес жыл ішінде акционерлік қоғамдардың лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі міндеттерін атқара алмайды.

Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жағдайын бұрмалаған жағдайда, Банктің қаржылық есептілігіне қол қойған Банктің лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауап береді.

13.3. Банктің осы аффилиирленген тұлғаларының немесе тіркеушісінің ұсынған мәліметтерінің негізінде Банк өзінің аффилиирленген тұлғаларын есепке алуға міндетті.

Банктің аффилиирлі тұлғалары Банкке қатысты аффилиирлігі туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде жазбаша түрде өздерінің аффилиирлі тұлғалары туралы ақпарат беруге міндетті.

14-бап. ЕСЕПKE АЛУ, ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ БАНК АУДИТІ

14.1. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті құрастыру тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14.2. Жылдық қаржылық есептілік мыналардан тұрады: бухгалтерлік баланс, кірістер және

шығыстар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, меншік капиталындағы өзгертулер туралы есеп, түсіндірме жазба.

Ірі мәміле және (немесе) оның жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес, жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында ашылады. Оның нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің он және одан артық пайызының сомасына мүлік сатып алынатын немесе қол үзілетін мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, сипаты және тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің көлемі, сондай-ақ мәміле туралы басқа да мәліметтер болуы тиіс.

14.3. Банк Жалғыз акционер бекіткен жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Банктің Директорлар кеңесі Банктің жылдық қаржылық есебін Жалғыз акционердің қарауына шығарылған күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей алдын ала бекітуі тиіс. Банктің жылдық қаржылық есебін соңғы болып қаржылық жыл аяқталған соң бес ай ішінде Жалғыз акционер бекітеді. Есептік кезең ішінде Банк аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

Банк акционерлерге өзінің қызыметі туралы ақпаратты жазбаша түрде, сонымен қатар мұндай ақпаратты Банктің www.hcsbk.kz сайтында орналастыру арқылы береді.

14.4. Банкке аудит Директорлар кеңесінің, Банктің есебінен Басқарманың бастамасы бойынша немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша өзінің есебінен жүргізілуі мүмкін, мұндайда Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өзі айқындайды.

14.5. Жалғыз акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Банк аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Банк Басқармасы Банктің аудитін жүргізуден жалтаратын болса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның шағым-талабы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

15-бап. БАНКТІҢ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ТАРАТЫЛУЫ

15.1. Банктің қайта ұйымдастырылуы (қосылуы, бірігуі, бөлінуі, бөлініп шығуы, өзгертілуі) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Банктің қайта ұйымдастырылуы кезінде қайта ұйымдастырылатын Банктің кредиторлары бөлу және бөлініп шығу арқылы Банк борышкер болып отырған міндеттеменің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және шығынның өтелуін талап етуге құқылы.

Егер Банк қайта ұйымдастырылған жағдайда шығарылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуы тиіс.

15.2. Банктің қайта ұйымдастырылуы ерікті және мәжбүрлі түрде жүргізіледі.

Ерікті қайта құру туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Банкті мәжбүрлеп қайта құру банктік заңнамада көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, қолданыстағы заңнамаға сәйкес сот шешімімен жасалады.

Бөлу немесе бөліп алу түрінде сот шешімімен мәжбүрлеп қайта құру жүргізуге уәкілетті Банк органдары қайта құруды осындай шешімде белгіленген мерзімде жүзеге асырмаса, сот біліктілік талаптарына жауап беретін сенімді басқарушы тағайындайды және оған бөлу немесе бөліп алу түрінде қайта құруды жүзеге асыруды тапсырады.

Сенімді басқарушы тағайындалған сәттен бастап оған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген қайта құру талаптарын анықтау бойынша Банк Жалғыз акционерінің мен Директорлар кеңесінің өкілеттігі өтеді.

15.3. Банк:

а) уәкілетті мемлекеттік орган рұқсаты болған кезде Жалғыз акционердің шешімі бойынша (ерікті тарату);

б) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлеп тарату) таратылуы мүмкін.

Банк қызметінің тоқтатылуы, оның ішінде банкроттық негізінде тоқтатылуы Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

15.4. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сотқа банктің таратылуы туралы талапты мүдделі тұлғалар қояды.

Соттың немесе Жалғыз акционердің Банкті тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясының Банктің таратылуы кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тізбе бойынша іс-әрекеттерді жасау және оны басқару жөнінде өкілеттіктері болады.

Кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және ерікті әрі мәжбүрлеп тарату процедураларына ың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

Банктің кредиторлар комитетінің құрамын Банктің тарату комиссиясының беруі бойынша етті мемлекеттік орган бекітеді.

Кредиторлар комитетін құру мен қызметінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының масында белгіленеді.

Ерікті таратылған жағдайда, тарату комиссиясының құрамына Банк кредиторларының, ірі нерлердің, сондай-ақ Банктің Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалардың ері кіргізіледі.

Банктің таратылу рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі стан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Банкті тарату кезінде оның акциялары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тенген тәртіппен жойылуы тиіс.

15.5. Таратылған Банктің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырған соң қалған мүлкін тарату сиясы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бөледі.

16-бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болған жағдайда, ол қалған ережелердің нылуына әсер етпейді.

Жарамсыз ереже заңнамада белгіленген тәртіппен құқықтық қатынаста жол берілген басқа мен ауыстырылады.

16.2. Осы Жарғыға барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, Банктің уәкілетті дары қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан бликасының тиісті мемлекеттік органдарына беріледі.

Басқарма Төрағасы

А. Жұмағұлов



СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

Республика Казахстан, город Алматы,
девятое января две тысячи пятнадцатого года.

Я, Сатыбалдина С.Н., нотариус города Алматы, действующая на основании государственной лицензии № 0001145 от 07 марта 2008 года, выданной Комитетом по организации правовой помощи и оказанию юридических услуг населению Министерства юстиции Республики Казахстан свидетельствую подлинность Председателя Правления АО «Жилищный строительный сберегательный банк Казахстана» гр. **Жумагулова Айбатыра Нышанбаевича**, которая сделана в моем присутствии. Личность подписавшего документ установлена, дееспособность проверена.

Зарегистрировано в реестре за № 50
Сумма, оплаченная частному нотариусу 2180 тенге.

Нотариус

